

## БӨЛІМ: САБАҚ ЖОСПАРЛАРЫ

## Қ.Жұмаділов "Қаздар қайтып барады"

ЖАРИЯЛАНДЫ  
04.03.2018СІЛТЕМЕНТ [HTTPS://BILIMGER.KZ/31425/](https://bilimger.kz/31425/)

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні: 05.04.17 Сынып: 8

Пәні: Қазақтілі

Бекітемін:

<b>Тақырыбы</b>	<b>Қабдеш Жұмаділов «Қаздар қайтып барады» әңгімесі (1-сабақ)</b>		
<b>Мақсаты</b>	Әңгіменің мазмұнын меңгерте отырып, тақырыбы мен идеясын талдай білуге, кейіпкерлеріне мінездеме беруге, көркем сөздерін таба білуге үйрету, ақынның шығармашылығы туралы білімдерін дамыту; біліп-үйренуде бір-біріне көмектесуге дағдыландыру.		
<b>Күтілетін нәтиже</b>	Әңгіменің мазмұнын түсінеді, тақырыбы мен идеясын талдай біледі, кейіпкерлеріне мінездеме береді.		
<b>7 модульдің қолданылуы</b>	“Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер”, “Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау”, “Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету”, “Оқытуды басқару және көшбасшылық”.		
<b>Қолданылатын әдіс-тәсілдер</b>	Блум, СТО		
<b>Қолданылатын ресурстар</b>	Бағалау парақшалары, стикерлер.		
<b>Ұйымдастыру кезеңі</b>	Төртке дейін саналуарқылы топқа бөлінеді.	Оқушылардың мұндағы мақсаты төртке дейін саналуарқылы топқа бөлінеді.	

Сабақ кез.	Ойлау деңгейлері	Әдіс-тәсілдер	Критерийлер	Тапсырмалар	Оқушылардың іс-әрекеті
<b>I. Қызығушылықты ояту</b>	<b>Білу</b>	Жуан, жіңішке сурақтар	Әңгіменің мазмұнын меңгереді. Мазмұны бойынша қойылған сурақтарға толық жауап береді?	1. Байтас қарт қайда сапар шегіп келеді? Оның арман-тілегі не? 2. Қарт жолда қандай қиыншылықтарды басынан өткізеді? Оның мінезінен қандай ерекшеліктерді байқадың-дар? 3. Әңгімеде қазақ халқының басынан кешкен қандай тарихи оқиға бар? 4. Жазушы мен қарттың өмірінде қандай байланыс бар? 5. Ол қасқырдан қалай құтылады? 6. Қарттың кәсібі не? Төлеуғай кім? Отбасына не болған? 7. Ол туған жеріне оралуды неше жыл бойы армандады? Немересінен қалай айрылды? 8. Тұмардың ішінде не бар еді?	Оқушылар сурақтарға жауап береді, мысал келтіреді.
<b>II. Мағынаны тану</b>	<b>Түсіну</b>	Ой қозғау	Қойылған сурақтардың себебін айтып дәлелдейді.	1. Әңгіме неге «Қаздар қайтып барады» деп аталған? Қаздар мен қарт өмірінің қандай байланысы бар? 2. Қарт неліктен Қытайға отбасымен бірге көшкен? 3. Қарт неліктен: «Бұл - менің ақырғы тілегім ғой», — деді? 4. Қартты не ебепті қамады? «Тұжырым» кестесі толтырылады.	Оқушылар себебін айтады
	<b>Қолдану</b>	«Тұжырым» кестесі	Кейіпкердің іс-әрекеті мен адами қасиетіне тұжырым жасайды, өзіндік пікір білдіреді.	Кейіпкер Іс-әрекеті Адами қасиеттері Байтас қарт	Тапсырмаларды орындайды.
	<b>Талдау</b>	Екі жақты күнделік	Әңгімедегі әсер еткен тұсын жазып, соның себебін анықтайды.	Әсер еткен тұсы Себебі	Кесте толтырады

III. Ой толғаныс	<b>Жинақтау</b>	Топтас-тыру	Берілген сөздер туралы өз ойларын топтастырып жазады	Туған жер, Отан туралы топтастыру <input type="text" value="Отан"/> <input type="button" value="x"/>	Топтастырады
	<b>Бағалау</b>	Ой қозғау	Сұрақтарға сыни тұрғыдан ойланып жауап береді.	1.Әңгімедегі «Бір уыс топырақ» деген сөздің мәнін қалай түсінесіңдер? 2.Осы әңгімеге тақырыптас туған жер, оған деген сағыныш жайында қандай шығармалар-ды оқыдыңдар, кинофильмдер көрдіңдер?	Сұрақтарға жауап береді
<b>Үй жұмысы:</b> «Өркімнің туған жері - Мысыр шаһары» тақырыбында эссе жазып келу					

### Критериалды бағалау

№	Ойлау деңгейлері	Тапсырмалар	Дескриптор	Ұпайы	Баға
1	<b>Білу.</b> Кім? Не? Қайда? Қашан? Топтық жұмыс	Сұрақтар 1-8-ге дейінгі сұрақтар	<b>Сұрақтарға толық, дұрыс жауап берді, дәлел келтірді</b> Сұрақтарға толық жауап бермеді Екі сұраққа ғана жауап берді	<b>5</b> 3 2	5 ұпай-«3»
2	<b>Түсіну.</b> Неліктен? Не себепті? Не үшін?	Сұрақтар 1-4-ке дейінгі сұрақтар	<b>Себепін толық анықтады</b> Толық ашпады	<b>1</b> 0,5	5+4=9 ұпай-«4»
3	<b>Қолдану</b> Тапсырмалар	Кестемен жұмыс	<b>Толық орындалды</b> Жартылай орындады	<b>1</b> 0,5	
4	<b>Талдау.</b> Салыстыру	Екі жақты күнделік	<b>Жауап нақты, барынша толық</b> Толықтыру керек	<b>2</b> 1	
5	<b>Жинақтау.</b> Бар білгенін жинақтау. <b>Пән-қбай-с</b>	Топтастыру	<b>Жауабы дұрыс, толық орындады</b> Толықтыру қажет	<b>2</b> 1	5+4+3=12 ұпай-«5»
6	<b>Бағалау.</b> Не істер едің? Қалай ойлайсың?	Сұрақтар	<b>Өмірмен байланыстыра білді</b> Дәлел жеткіліксіз	<b>1</b> 0	
<b>Бағалау шәкілі: 1 — 5 = «3»</b>		<b>5+4 = 9 ұпай(6-9-ға дейін) - «4»</b>		<b>5+4+3= 12 ұпай (10-12-ге дейін) - «5»</b>	

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.